**«Ақтан Төлеубаев атындағы ЖОББМ » МКҚК әдістемелік кеңесі отырысының**
**ХАТТАМАСЫ №1**

**Қатысқандар:** мектеп директоры, директордың орынбасарлары, бірлестік жетекшілері.

**Қатыспағандар:** 0

**Күн тәртібі**

**Тақырыбы: «2022/2023 оқу жылындағы мектептің ҒӘК жұмысын талдау»**

1. ӘБ –нын жаңа 2023/2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарларын бекіту;
**А.Тоташева**
2. 2023/ 2024 оқу жылына арналған ғылыми-зерттеу жұмысын үйлестіру, түзету және жоспарлау;
**А.Тоташева**
3. 2023/ 2024 оқу жылына арналған ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу іс-шараларын бекіту.
4. Ғылыми жобалардың тақырыптарын бекіту;
**Г.Айтмагамбетова**
5. 2023/2024 оқу жылында әкімшілік бақылау жұмыстарын, кесінділерді, тестілерді жүргізу кестесін қарау және бекіту.
**С.Досмагамбетова**

6. ББД «кіріс» бақылауын жүргізу және оны талдау. Нәтижелер негізінде оқу процесінің мақсаттарын тұжырымдау.

**С.Досмагамбетова**

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Тоташева А.Ж.. – директордың оқу-тәрбие орынбасары - күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөйледі. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстардың жоспарымен таныстырды. Мектепте 4 әдістемелік бірлестігі (бастауыш сынып,қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық, эстетикалық ) жұмыс істейді. Биылғы оқу жылында бірлестік жетекшілігіне төмендегі педагогтар ұсынылды:

1. Қоғамдық гуманитарлық ӘБ- А.Утегельбаева
2. Жаратылыстану-математика ӘБ – Б.Жукаева
3. Бастауыш ӘБ – З.Жумбаева
4. Эстетикалық ӘБ- А.Жукаева

Әдістемелік бірлестіктердің осы оқу жылына арналған жұмыс жоспарлары кеңесте таныстырылып, талқыланды.

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Тоташева А.Ж. – директордың оқу-тәрбие ісі орынбасары – күн тәртібіндегі келесі сұрақ бойынша сөз сөйледі.Ғылыми-зерттеу жұмыстары-қол жеткен білімдерді кеңейту және жаңа білімдер алу,ғылыми топшылауларды тексеру, табиғат пен қоғамда көрініс табатын заңдылықтарды анықтау, жобаларды ғылыми тұрғыда жинақтап,қорытындылау, ғылымды негіздеу мақсатындағы зерттеулер, тәжірибелер жүргізумен, ғылыми ізденістер байланысты ғылым сипатты жұмыстар, талдамалар.

Дарындылық пен шығармашылықты дамытудың түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу тәжірибесі әлдеқайда тиімді болып табылады. Педагогикалық процесте балалардың дарынын ашуда оқулы мен мұғалімнің ынтымақтастығы шешуші рөл атқарады.Баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады.2023-2024 оқу жылына мынадай ғылыми-зерттеу жұмыстары жоспарланып отыр:

- ғылыми жоба, зерттеу жұмыстарына мұғалімдер мен оқушыларды қатыстыру;
- Аудандық және облыстық сайыстарға қатысу;
- Оқушылардың ғылыми қоғамын құру, ғылыми жоба жарысына қатысатын оқушылардың жұмысын қадағалау;

**Т Ы Н Д А Л Д Ы:** Тоғанаева А.Ж.- директордың оқу –тәрбие ісі орынбасары -2023/2024 оқу жылына арналған ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспарымен таныстырып өтті. Ахтан Тәлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің ғылыми-әдістемелік жұмысы «Мұғалімдердің сабақтарда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану» атты тақырыбында 2021-2022 оқу жылынан бастап жұмыс атқарып келеді. Аталмыш тақырып бес жылға жоспарланған.

Әдістемелік жұмыстың негізгі міндеті:

- Әдістемелік апталықтар мен күндерді сапалы әзірлеп, өткізу және олардың мектеп басшылары мен мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдірудегі рөлін көтеру;
- Сабақтың барлық түрлерінің жоғары әдістемелік деңгейде өтуін қамтамасыз ету;
- Жас мамандардың кәсіптік шеберлігін көтеру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Білім беру технологияларын енгізу арқылы сабақтардың сапасын көтеру;
- Шығармашыл мұғалімдердің тәжірибесін жинақтау және тарату;
- Әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру, есебін жүргізу, құжаттарын реттеу;
- Әдістемелік және дидактикалық материалдар әзірлеу;

**Т Ы Н Д А Л Д Ы:** Г.Айтмағамбетова - «Зерде» ОҒК жетекшісі 2023-2024 оқу жылдарына арналған жұмыс жоспарымен таныстырып өтті. Сонымен қатар ғылыми жоба тақырыптарын таңдау ережесімен таныстырып өтті. Қазіргі таңда оқушылардың ғылыми жаңалық ашуға мүмкіндігі зор. Оларға түрлі тақырыптарда ғылыми жобалар жазуға мүмкіндік берілген.Ғылыми жобаны дайындау және қорғау дегеніміз-оқушының зерттеу жұмысы нәтижесінің ғылыми кеңесшінің жетекшілігімен қорытындылануы және оқу шығармашылық қызметінің соңғы кезеңі болып табылады. 2023-2024 оқу жылында бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы З.Жумбаева 1- сынып оқушысы Ахметулла Жібекпен « Қарлығаш- киелі құс» атты ғылыми жоба тақырыбында жұмыстарын бастады. Зерттеу әдістері: талдау, әңгімелесу, сұрақ-жауап.

**Т Ы Н Д А Л Д Ы:** С. Досмағамбетова –директордың оқу ісі орынбасары 2023-2024 оқу жылына арналған әкімшілік бақылау жұмыстарының , тестілеу жұмыстарының кестесімен таныстырып өтті.

**ТЫҢДАЛДЫ:** С. Досмағамбетова –директордың оқу ісі орынбасары жүргізген кіріс бақылау жұмыстарының нәтижелерімен таныстырып өтті.Бақылаудың мақсаты-бақылау нәтижелері бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін әрбір педагогтің және мектептің жұмыс жоспары әзірленеді.Кіріс пен аралық бақылау жұмыстарын салыстыру барысында, динамиканың төмендегенін байқауға болады.Кіріс бақылау нәтижесінде білім сапасының төмен көрсеткіш көрсетуінің себебі: жазғы демалыстан соң жаңа оқу жылына келген оқушылар білімінің айқын көрінісі сезілді.

**ШЕШІМІ:**

1. 2023 -2024 оқу жылының әдістемелік жұмыс жоспары құрылып, бекітіліп, жұмыс жасалсын;
2. 2023-2024 оқу жылына ұсынылған ұстаздар ӘБ жетекшілері болып тағайындалсын.
3. 2023-2024 оқу жылына арналаған әкімшілік бақылау жұмыстарының ,тестілеу жұмыстарының кестесі бекітілсін

*Жиналыс төрағасы:* **_С.Т.Абдикаримова_**

*Хатшы:* **_Г.Б.Абдрахманова_**

**«Ақтан Төлеубаев атындағы ЖОББМ » МКҚК әдістемелік кеңесі отырысының ХАТТАМАСЫ №2**

**Қатысқандар:** мектеп директоры, директордың орынбасарлары, бірлестік жетекшілері.

**Қатыспағандар:** 0

**Күн тәртібі**

**Тақырыбы: «Дарынды балалармен жұмыс жасаудың біртұтас жүйесін құру: олимпиадаларға, жобаларға, конкурстарға дайындық»**

1. Мектепте оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру. Ғылым апталығы-2024 ж » өткізу;

**А.Тоташева**

2. « Оқушылардың білім сапасын арттыру бойынша мұғалімнің жұмыс жүйесі. үлгерімі нашар оқушылармен мұғалімнің жұмысын ұйымдастыру» тақырыбында пәндік әдістемелік онкүндік өткізу бойынша жұмысты дайындау және ұйымдастыру;

**А.Тоташева**

3. Мектепішілік ғылыми жобалар жарыстарын дайындау және өткізу бойынша сараптамалық топ құру.

**С.Абдикаримова**

4. ЕБҚ бар оқушылармен жұмысты ұйымдастыру;

**Г.Ахметова**

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Тоташева А.Ж.. – директордың оқу-тәрбие орынбасары - күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөйледі.2023-2024 оқу жылында «Зерде» оқушылардың ғылыми қоғамдастығының жетекшісі болып Г.Айтмағамбетова бекітілді. Қоғамдастық пән мұғалімдерімен бірге дарынды оқушылармен жұмыс жүргізеді.Қазіргі уақытта дарынды балалармен жұмыс істейтін бірнеше жұмыс формалары бар: интеллектуалды сайыстар,шығармашылық пән олимпиадалары, ғылыми-зерттеу жұмыстары, балалардың көркем әдеби шығармашылық конкурстары. Дарынды оқушылармен жұмыс пән мұғалімдерінің ,ата-аналармен , психологпен, мектеп әкімшілігімен тығыз байланыс жағдайында өткізіледі.Мектепте дарынды балалармен жұмыс жоспарға сәйкес жүргізіледі. «Ғылым апталығы-2024 ж» апталығының жоспары талқыланып, ұсыныстар айтылды. Апталық сәуір айына жоспарланды.

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Тоташева А.Ж. – директордың оқу-тәрбие орынбасары « Оқушылардың білім сапасын арттыру бойынша мұғалімнің жұмыс жүйесі, үлгерімі нашар оқушылармен мұғалімнің жұмысын ұйымдастыру» тақырыбында пәндік әдістемелік онкүндіктің жоспарымен таныстырып өтті. Білім сапасын арттырудағы мақсат: пән бойынша ғылыми-әдістемелік зерттеулер жүргізу,оның нәтижесін талдау,ғылыми методикалық жұмыстарды дамытудың оқытудың тиімді әдістерін табу, дамыта оқыту: анализ,син тездеу,болжау әдістерін сабақ беруде жиі қолдану.Оқушылардың білім сапасын арттыру , ең алдымен мұғалімнің кәсіби шеберлігіне, оқушылардың оқу іс-әрекетін педагогикалық сауатты ұйымдастыра білуіне

**ТЫҢДАЛДЫ:** Абдикаримова С.Т – мектеп директоры 2023-2024 оқу жылына арналған мектепішілік ғылыми жобалар жарыстарын дайындау және өткізу бойынша сараптамалық топ құрамына мына ұстаздарды ұсынды:

1. Абдикаримова С.Т- мектеп директоры, педагог-зерттеуші
2. Тоташева А.Ж.- директордың оқу-тәрбие орынбасары, педагог-сарапшы
3. Сакенова Г.С.- физика пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші
4. Айтмагамбетова Г.М. – бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші, «Зерде» ОГҚ жетекшісі
5. Байгутанова М.М.-бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші.

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Г.Ахметова мектеп психологы ЕБҚ оқушылармен ұйымдастырылатын жұмыстар туралы айтып өтті. Мектеп бойынша және «Карлығаш» шағын орталығының тәрбиеленушілерімен қоса алғанда ЕБҚ оқушылар саны-21. Мектебімізде ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларға қолдау көрсету жұмыстары ұйымдастырылған. Әр сынып жетекшісі мен сабақ беретін пән мұғалімдері таныс. Жоспарға сай жұмыс түрлері орындалуда.

Инклюзивті мектеп ортасын дайындауда келесі міндетті шарттарды сақтауды көздейді:

- оқушының мүмкіндіктеріне қарамастан педагогтардың әрбір оқушыны тең деп қабылдауы;
- білім беру процесінің барлық қатысушылары мен техникалық қызметкерлердің төзімді мінез-құлық мәдениетімен қамтамасыз ету;
- ЕБҚ бар оқушының жақын даму аймағына сәйкес оқу мақсаттарын анықтау;
- ЕБҚ бар оқушыны оқудан тыс мектеп іс-шараларына қосу;
- оқушыға қолдау көрсетуде отбасы әлеуетін пайдалану.

**ШЕШІМІ:**

1. «Ғылым антағы-2024» ғылыми жобалар апталығының жоспары бекітілсін.
2. « Оқушылардың білім сапасын арттыру» бойынша жұмыс жоспары бекітіліп,онкүндік ұйымдастырылсын.
3. Мектепішілік ғылыми жобалар жарыстарын дайындау және өткізу бойынша сараптамалық топ құрылсын.
4. ЕБҚ қажет ететін оқушылармен психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетілін, жұмыс жүргізілсін.

*Жиналыс төрағасы:* С.Т.Абдикаримова

*Хатшы:* Г.Б.Абдрахманова

**«Актан Тлеубаев атындағы ЖОББМ » МККК әдістемелік кеңесі отырысының**
**ХАТТАМАСЫ №3**

**Қатысқандар:** мектеп директоры, директордың орынбасарлары, бірлестік жетекшілері.

**Қатыспағандар:** 0

**Күн тәртібі**

**Тақырыбы: «Шәкірт жетістігі- мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен шеберлігінің жемісі»**

1. Баяндама «Шәкірт жетістігі- мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен шеберлігінің жемісі»
   **А.Уткельбаева**
2. Мектептің әдістемелік қызметінің I жартыжылдықтағы жұмысын талдау
   **З.Жумбаева, А.Уткельбаева, Б.Журкаева, А.Журкаева**
3. Мектепішілік және аудандық олимпиадалардың қорытындысы;
   **А.Тоташева**

**Т Ы Н Д А Л Д Ы:** Уткельбаева А.М.- қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, қоғамдық-гуманитарлық әдістеме бірлестігінің жетекшісі. «Оқушының жетістігі- мұғалімнің жетістігі, ал мұғалімнің жетістігі жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануда». Қазіргі оқыту үйретудің мазмұны да, сипаты да соған орай амал-тәсілдері де күрделене түсті. Жаңа XXI ғасырға сай өзгеше қабілет-қасиетке ие ұрпақ қалыптасып келеді.2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығында мектеп ұжымы үшін де үлкен жетістіктер мен жеңістерге толы жыл болды 8-11 оқушылары арасында «Ақберен» аудандық байқауында дарынды оқушым Садық Айымжан «Эссе»жазу номинациясы бойынша 3 дәрежелі дипломмен марапатталса, 9-сынып оқушысы Аленова Аружан «Тәуелсіздік бәрінен қымбат бағдарламалық мақаласын насихаттау мақсатында өткізілген «Тәуелсіздік дарыны» атты байқауға қатысып, I дәрежелі дипломмен марапатталды. « Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мағыналы, өнегелі тәрбие мен сапалы білімде.

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Жумбаева З.А.-- бастауыш сынып әдістеме бірлестігінің жетекшісі. Бірлестіктің тақырыбы: **«Білім беру үдерісінде жаңартылған білім бағдарламасы аясында жаңаша әдістерді меңгеру»**. Мақсаты: білім беру үрдісінде жаңартылған оқу бағдарламасының талаптарын орындай отырып, дамыту мен жетілдірудің тиімді механизмдерін қолдану, ерекше қамқорлықты қажет ететін оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып білім алуға жан-жақты жағдай жасау. Бастауыш сыныптарында 2023-2024 оқу жылында 9 мұғалім жұмыс істейді. Оның 5-уі жоғары арнаулы,3-үі арнаулы орта білімді.Педагог зерттеуші-2 мұғалім Айтмагамбетова Г.М , Байтуганова М.М, педагог сарапшы-4 мұғалім Жумбаева З.А ,Исатаева А.А , Ахметова Г.Ж, Омарова О.Т -педагог модератор. 2023 жылы қазан,қараша желтоқсан айларында қашықтықтан ұйымдастырылған сайыстарға қатысып оқушыларымыз ,жүлделі орындарға ие болды, «Мұқағали оқулары», «Кенгуру», «Бастау» осы сияқты көптеген байқауларға қатысып жүлделі орындарға ие болды , « Абай оқулары» аудандық сайысына 3,4 сынып оқушылары қатысып,4-сынып оқушысы Ишанбек Ж Абайдың қара сөзінен 3-орын иеленді.Тәуелсіздік күні 3- сынып оқушыларымыз «Жас ұлан» тобына өтті, Байтуганова

М.М аудандық семинарда өзінің шығармашылық жұмыстарын көрсетті. Шебер сынып «Жобалау технологиясын АКТ арқылы тиімді пайдалану» тақырыбында. «Алтын тұғыр» мұғалімдердің облыстық математикалық байқауында биылғы бастауыш сынып мұғалімі Байтуғанова Марал Маратовна қатысып үздік білім грамотасымен марапатталды.Биылғы оқу жылында аудандықтан 3-орын алды.Қыркүйек айында «Lesson stadi» курсынан 4 ұстазымыз өтті және ашық сабақ өткізілді. Омарова Орынтай Тураровна 2-сынып оқушыларымен әдебиет пәнінен курс өткен аудандық ұстаздарға ,тренер қатысуымен ашық сабақ көрсетті,курс жалғасын тауып қараша айында екінші ашық сабағын өткізді.Бастауыш сынып ғылыми жоба жетекшісі Айтмағанбетова Ғ.М 1 отырысын өткізді онда биылғы жылы 1-сынып мұғалімі:Жумбаева Зауре Армияновна және 1-сынып оқушысы Ахметулла Жібек «Қарлығаш –киелі құс» тақырыбында ғылыми жоба зерттеу жұмысын дайындауда.Қыркүйек ,қараша айында «Алтын сақа» олимпиадасында 4- сынып оқушысы Серікова Заура обл жолдама алды.Қайрат Әділет алғыс хатпен марапатталды. Білімін жетілдіру курстардан барлық ұстаздар өз білімдерін көтеріп отырады, 2022жылы Байтуғанова М.М, Омарова О.Т. 2021ж желтоқсан айында ЖумбаеваЗ.А, АхметоваГ.Ж, АйтмағамбетоваГ.М., Исатаева А.А .2018ж.

Цифрлық сауаттылық курсынан 9-мұғалімнің 5-мұғалім өтті,олар Жумбаева ЗА, Айтмагамбетова Г.М, Байтуганова М.М., Омарова О.Т, Исатаева А.А.

Тәрбие сағаттары өз деңгейінде өтті «Бәйшешек бүр жарғанда», «Ғарышкерлер күні», «Жол ережелерін сақтайық», «Бәріміз біргеміз».

«Үздік педагог -2024» 1- орын Исатаева А.А, «Үздік сынып жетекші -2024» 2-орын Омарова О.Т, Жумбаева З.А

«Кенгуру», «Ақбота», зияткерлік олимпиадасынан 1 «Ә», 1 «А», 2 «А», 3«А» оқушылары қатысып 1.2.3 орындар алды

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Уткельбаева А.М.- қоғамдық- гуманитарлық әдістеме бірлестігінің жетекшісі. **Қоғамдық -гуманитарлық пәндер әдістеме бірлестігінің тақырыбы:**«Бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру жұмысының озық әдіс тәсілдерін тиімді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру».

**Мақсаты:** Дәстүрлі және жаңа технологияларды сабақтастыру арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру және өз мүмкіндігін дұрыс пайдалана алатын зерделі тұлғаны тәрбиелеу.Қоғамдық-гуманитарлық әдістеме бірлестігінде 4 мұғалім жұмыс атқарады. Мұғалімдер сапасының құрамы талапқа сай.Жоғары білімді-3,Арнаулы орта білімді-1мұғалім. Әдістемелік бірлестіктің 2023-2024 оқу жылына құрылған жоспар бойынша жұмыс жасады.Әдістемелік нұсқау хаттың бағдарламасын басшылыққа алып,күнтізбелік тақырыптық жоспар жасап әр пән мұғалім күнтізбелік жоспар құрып,әдістемелік бірлестікте қаралып,бекітілді.28.11.2023ж мектепішілік олимпиада өтілді. Жалпы 15 оқушы қатысты.4 оқушы -қазақ тілі мен әдебиеті

Нәтиже бойынша аудандық олимпиадаға:

1).Қазақ тілінен : 9 «А» сыныбынан- Абдытапар Даурен, 9 «Б» сыныбынан-

Алепова Аружан , 10 «а» сыныбынан Кабдрахманова Аянат ұсынылды.Пән мұғалімдері Уткельбаева А.М.Толашева А.Ж.

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Жұрқаева Б.А.- жаратылыстану-математика әдістеме бірлестігінің жетекшісі. Әдістемелік бірлестігінің жұмыс тақырыбы: «**Заманауи оқыту**

**технологияларын енгізубойынша жұмысты жандандыру арқылы сабақтарда және сабақтан тыс уақытта білім беру процесінің тиімділігі мен сапасын арттыру»**

**Мақсаты:**білім стандартты іске асыру жағдайында бастауыш жалпы және негізгі жалпы білім берудің сабақтастығын ескере отырып, әр түрлі білім беру қабілеттері мен қажеттіліктері бар балаларды сәтті оқыту үшін педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша жұмыс әдістерін, нысандарын жетілдіру.

**Міндеттері:**

- Әр оқушының білім деңгейін көтеру мақсатында жаңа педагогикалық технологиялардың тиімді әдістерін қолдану;
- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашуға ыңғай туғызу;
- Үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты тереңдету;
- Оқу – әдістемелік кешендерді жаңартып отыру;
- Оқу – тәрбие процесінде шығармашылық жұмыстарды кеңінен қолдану;
- Ата – ана, мектеп, қоғам, психолог арасындағы байланысты жетілдіру;
- Мектепішілік, аудандық, облыс көлеміндегі пәндік олимпиада, интеллектуалдық байқауларға қатысу,

Әдістемелік бірлестікте 8 мұғалім бар. Барлығы жоғары білімді. Зерттеуші - 5 , сарапшы - 1, педагог-модератор-1 санаты жоқ - 1 (Касенова Г. жас маман).

Тоқсан сайын әр сыныптың оқу үлгерімі жеке қаралып бірлестік ұстаздарының арасындағы талқыланады. Үлгерімі төмен оқушыларға мұғалім жеке тапсырмалар беріп, қосымша сабақ беріп осындай жетістікке жетеді.

Оқушылар мектепішілік олимпиадаға қатысып, аудандық кезеңіне дайындық үстінде.

Жылдағы дәстүрге арналған «Кенгуру» олимпиадасына оқушылар белсене қатысады.

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Журкаева А.Н- эстетикалық әдістеме бірлестігінің жетекшісі.

Әдістемелік бірлестігінің жұмыс тақырыбы: «**Заман талабына сай білім беру мазмұнын жаңарту арқылы жан-жақты білімді игерген, өнерлі тұлғаны қалыптастыру және шығармаашылық қызмет арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған ұлттық оқу-тәрбие үдерісін дамыту»**

**Мақсаты:** Оқушылардың білікті білім алуын қамтамасыз ете отырып, олардың алған білімдерін тиімді қолдана білулеріне жетелеу; дене тәрбиесі технология, музыка, бейнелеу өнері пәндері бойынша оқушылардың міндетін меңгеруге тиісті дағдыларымен іскерліктерін қалыптастыра отырып дамыту.

- 9-11 сынып мектепішілік волейболдан жарыс. Мусин А.А
- «Жас сарбаздар» облыстық байқау. 28 қараша .Рахмангулов С.С
- «Жас құтқарушылар» мектепішілік. Рахмангулов С.С
- «Зоналық ойын» кіші футбол, Таңкер ауылында. 8-11 класс. 27 – желтоқсан.Каукеев Е.А . Кылышбаев Е.Е
- «Фламинго-2023» Журкаева А.Н. Қылышбаев Д.Е
- Қыздар арасында «бесасық» мектепішілік сайыс. 14-қараша. Каукеев Е.А

- Аудандық мектеп арасында үстел теннисі, жолдама. 1-орын, 8 класс. Шамбеков Қ.С. 15.11
- Аудандық шахмат ойынынан жарыста 2-орын. 8-класс Шамбеков Қ.С 15.11

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Тоқашева А.Ж.. – директордың оқу-тәрбие ісі орынбасары. Әр баланың жеке қабілетін анықтап, шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту, оны сол бағытта жетелеу-ұстаз парызы, бүгінгі күннің басты талабы. Осыған орай біздің мектепте де оқушыларға арналған пән олимпиадасы өткізілді. Олимпиада қорытындылары 10 -желтоқсан күні мектепте жарияланып, жеңімпаздарға мадақтамалар табысталды. Пән олимпиадасы – оқушы білімін саралайтын сынақ. Мектепішілік пән олимпиадасы оқушылардың білім деңгейлерін анықтаумен шектелмей, олардың оқуға деген мотивациясын ояту, танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында өткізілді.

Пән олимпиадасы – оқушы білімін саралайтын сынақ. Мектепішілік пән олимпиадасы оқушылардың білім деңгейлерін анықтаумен шектелмей, олардың оқуға деген мотивациясын ояту, танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында өткізілді.

*Мектептегі олимпиаданың негізгі мақсаты:*

-оқушының ой-өрісін кеңейту;

-оқушының пәнге қызығушылығын дамыту;

-мектепішілік, аудандық олимпиадаларда оқушының өзін көрсетуге дайындау, оқушымен жеке жұмыс жүргізуді ұйымдастыру.

Мектепішілік олимпиада қорытынды жасалып, оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды.2023-2024 оқу жылында аудандық олимпиадаға жалпы- 28 оқушы қатысып, 14 оқушы жүлделі орындарға ие болды. Оқушылардың аудандық олимпиадағы қатысу көрсеткіші-50 % құрады.

**Шешімі:**

1. Мектепішілік ОБ жұмыстары жоспарға сай орындалсын;
2. Аудандық пән олимпиадасына оқушыларды дайындау мақсатында пән мұғалімдері жеке жұмыс түрлерін қолдансын.

***Жиналыс төрағасы:*** ***С.Т.Абдикаримова***

***Хатшы:*** ***Г.Б.Абдрахманова***

**«Ақтан Төлеубаев атындағы ЖОББМ » МКҚК әдістемелік кеңесі отырысының**
**ХАТТАМАСЫ №4**

**Қатысқаны:** директор, директордың орынбасарлары, бірлестік жетекшілері.
**Қатыспағаны:** 0

**Күн тәртібі:**

**Тақырыбы: « Жаңашыл мұғалімнің жаңашылдыққа көзқарасы»**

1. 3-ші тоқсанның қорытындысы.
   **С.Досмағамбетова.**
2. Жас мұғалімдер тәлімгер есебі
   **Г.Сакенова**
3. «Ғылым апталығы-2024» апталығының дайындығы туралы

   **А.Тотанова**

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Досмағамбетова С.А. директордың оқу ісі орынбасары. III тоқсанның басындағы негізгі жалпы білім беру деңгейіндегі білім алушылардың жалпы саны 232 құрады. Сыныптар бойынша III тоқсанның нәтижелері туралы мәліметтер кестеде көрсетілді. Сыныптар бойынша нәтижелерді салыстыру бірге II тоқсан диаграммалары келтірілген. Оқу бағдарламаларын талдау нәтижелері сапа деңгейінің өсуі сыныптарда байқалады.

Пән мұғалімдері III тоқсанда сабақ барысында түрлі әдіс тәсілдермен жұмыс жасады. Оның ішінде мұғалім шабуыл, сын тұрғысынан ойлау, АКТ, жас ерекшелігін ескеру, талантты және жеке жұмыс әдістері қолданылды.

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Г.Сакенова физиканың мұғалімі, педагог зерттеуші, 2023 – 2024 оқу жылы мектебімізге конкурс нәтижесімен жұмысқа қабылданған ағылшын мұғалімі Жакенова Г.Р. тәлімгерлікке алдым. Гульфайрус Рашидовна жоғары білімді ағылшын пәні мұғалімі. Оқу жылы басында жас маманмен жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Жоспарға сай жұмыс орындалуда. Ең алдымен жас мамандарды педагог жұмыстарды және ережелерімен таныстырдым. Оқу жылының басында пәні бойынша оқу бағдарламамен таныстырып, түсіндіріп өттім.

Сағат жүктемелерін ескере отырып, күнтізбелік тақырыптық жоспар құрдық. Күнделікті сабақ жоспарын құруда әдістемелік көмек көрсеттім. Жас маманның сабақтарына қатысып отырдым.Жас маманның алғашқы сабағына сыни көзбен қарау мақсатында емес, үйрету, бағыттау мақсатында қатыстым.Тексеру жұмыстары кемшілік іздеу бағытында емес, түзету мақсатында қатыстым. Жас маманмен Гульнар Сабыровна « Қандай табиғат құбылыстары бар?» What natural phenomena exist? тақырыбында 20 қаңтар күні кіріккен сабақ өткізді.

I жартыжылдықта жасалған жұмыс нәтижелері алдағы уақытта оң бағасын береді деп ойлаймын. Алда апталықта ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс шаралар жоспарланған.Жалпы айтқанда жас маман мамандығын жақсы көреді. Алдағы уақытта көптеген жұмыстар жүргізіледі деп сенемін.

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Тотанова А.Ж.. директордың оқу-тәрбие ісі орынбасары. . «Ғылым апталығы-2024» апталығының дайындығы туралы айтып өтті. Мектепішілік «Дарын»ОГК мен « Зерде» ОГК жетекшілерімен бірлесе отыра дайындық жұмыстары жүргізілуде.

**Шешімі:**

1. Үлгерім сапасын көтеру мақсатында жұмыс жүргізілсін;
2. Жас маманмен жұмыс жоспарға сай ұйымдастырылсын.

***Жиналыс төрағасы:*** ***С.Т.Абдикаримова***
***Хатшы:*** ***Г.Б.Абдрахманова***

**«Ақтан Төлеубаев атындағы ЖОББМ » МКҚК әдістемелік кеңесі отырысының**

**ХАТТАМАСЫ №5**

**Қатысқаны:** директор, директордың орынбасарлары, бірлестік жетекшілері.

**Қатыспағаны:** 0

**Күн тәртібі:**

1. Бітірушi сыныптарды қорытынды аттестаттауға дайындау.
   **С.Досмагамбетова**
2. 2023/2024 оқу жылының аяқталуы бойынша нормативтік құжаттарды зерделеу.
   **С.Досмагамбетова**
3. 2023/2024 оқу жылының қорытындысы.
   **А.Тоташева**
4. 2024/2025 оқу жылына жоспарлау
   **А.Тоташева**

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** С.Досмагамбетова директордың оқу ісі орынбасары. 9-11-сыныптар аяқтайтын қорытынды аттестаттау ҚР БҒМ-нің 2018 ж.18 наурыз №125 «Бастауыш,негізгі,орта,жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау,аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес өткізіледі.

**9 сынып білім алушылары үшін:**

Қазақ/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептерге арналған эссе түріндегі қазақ/орыс (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан- жазбаша жұмыс (мақала,әңгіме,эссе)

Математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)

Қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс,мәтін бойынша тапсырмаларды орындау)

Таңдау пәні бойынша емтихан (физика,химия,биология,геометрия,Қазақстан тарихы,дүниежүзі тарихы,әдебиет(оқыту тілі бойынша),шет тілі (ағылшын); информатика)

**11 сынып білім алушылар үшін:**

**Алгебра және анализ бастамалары бойынша** жазбаша емтихан (емтихан жұмысы 2 бөлімнен тұрады.А бөлімінде ұсынылған бес жауаптан бір дұрыс жауапты таңдайтын 15 тапсырма бар.Тапсырмалар 1 баллмен бағаланады.В бөлімінде қысқа немесе егжей-тегжейлі жауаптарды қажет ететін 10-12 тапсырма бар.Тапсырмалар 2-8 баллмен бағаланады.Масималды балл-60).

**Қазақ/орыс/ тілі бойынша жазбаша емтихан (оқыту тілі)** (Емтихан жұмысы 2 бөлімнен тұрады.Бірінші бөлім екі мәтінмен жұмыс істеуді қамтиды (мәтіндердің жалпы көлемі - 600-650 сөз).Екінші бөлімде ЖМБ сыныптарында білім алушылар бір жазбаша жұмыс - эссе (250-300) орындайды.ОГН сыныптарындағы білім алушылар 300-350 сөзден тұратын жазбаша жұмыс (мақала,эссе,көпшілік алдында сөз сөйлеу,рецензия) жазу арқылы ұсынылған үш тапсырмадан бір тапсырманы таңдайды.Максималды балл-40.

**Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан** (емтихан билеттер бойынша өткізіледі.Барлығы 30 билет,әр билетте үш сұрақ беріледі,оларға білім алушылар ауызша жауап береді.Максималды балл-30).

**Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан** (физика,химия,биология,география, геометрия,дүниежүзі тарихы,құқық негіздері,әдебиет,шет тілі(ағылшын тілі),информатика: (емтихан жұмысы 2-3 бөлімнен тұрады.ұсынылған жауаптан бір дұрыс

жауапты таңдаумен тапсырмалар;Қысқа немесе толық жауап беруді талап ететін 4-5 тапсырма; шағын зерттеу).
2023-2024 оқу жылындағы 9 «А»,Бсыныптар,11 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттау мемлекеттік емтихан кестелерімен таныстырып өтті.

2023 – 2024 оқу жылының аяқталуы бойынша нормативтік құжаттарды зерделеу жұмыстары бойынша жұмыс тобы құрылып, бұйрық шығарылды.

**Т Ы Ң Д А Л Д Ы:** Тұташева А.Ж.. директордың оқу-тәрбие ісі орынбасары. 2023 – 2024 оқу жылының қорытынды жайлы баяндады. Сауалнама мониторинг көрсетілді. Жыл басында қойылған жұмыс міндеттері мен күтілетін нәтижелер талданды. Мектеп мұғалімдерінің оқу жылы бойы орындаған жұмыстары мен жеткен жетістіктері жайлы айтылды.

2024 – 2025 жаңа оқу жылының ұсыныстары айтылды. Жаңа оқу жылында біріңғай білім беру кеңістігін құруды қамтамасыз ететін, педагогикалық процестің барлық қатысушылардың қызметін үйлестіру жұмыстары жоспарланып отыр.

**Ұсыныстар:**

- әр пән мұғалімдері сабақтарында ұлттық құндылықтардың элементтерін қолдану;
- әрбір оқушының табысты оқытуға қолайлы жағдай жасау жөніндегі жұмысты жетілдіру;
- сабақтарда жаңа білімді меңгеру бойынша жұмыста құзыреттілік және жүйелік әрекеттік тәсілдерді жүзеге асыру;
- мектептің материалдық техникалық қамтамасыз етілуін кеңейтуді жалғастыру;
- оқушылардың білім деңгейін арттыру;
- пән мұғалімдері оқушылармен ғылыми – зерттеу жұмыстарын ұйымдастырып және олимпиадаларға дайындық бойынша жұмыс түрлерін жетілдіру;
- әдістемелік бірлестіктердің жұмысын жоспарлауды оқыту әдістемелерін, оқыту технологияларын меңгеруге, оқушылардың ғылыми – зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыруға, педагогтардың инновациялық іс-әрекетке қызығушылығын арттыру мақсатында әріптестерінің тәжірибесін жинақтап, таратуға бағыттау;

**Шешімі:**

1. Бітіруші сыныптар емтихан кестесі бойынша қорытынды аттестаттаудан өтсін.
2. Жаңа оқу жылына ұсыныстар қаралып, жоспарға енгізілсін.

***Жиналыс төрағасы:*** ***С.Т.Әбдикаримова***
***Хатшы:*** ***Г.Б.Абдрахманова***